Қазақстан Республикасының атынан
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 06 маусым 3115-24-00-2/1054 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының Талас ауданындағы №32 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SUMMIT PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының Талас ауданындағы №32 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SUMMIT PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«SUMMIT PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«SUMMIT PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 06.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Калымханов Е. А., 17.07.2024

3115-24-3-1/1110